КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 қараша №5165-24-00-2/3072 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Серикбаева» Фаруза Оразбековна Серикбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Серикбаева» Фаруза Оразбековна Серикбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Серикбаева» Фаруза Оразбековна Серикбаеванен мемлекет пайдасына 104 500 (бір жүз төрт мың бес жүз) теңге тұрақсыздық

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

айыбы, 4 981 (төрт мың тоғыз жүз сексен бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 18.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.12.2024, судья Рыскулбеков К. О., 27.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -